

ҚОРЫТЫНДЫ

Құрметті оқушылар! Отан тарихы курсың тәмамдап, аса маңызды даталар, оқиғалар, құжаттар туралы білім алдыңдар. Материалды жүйелі түрде игеру білімдеріңді одан әрі толықтыра түседі және қоғамның тарихи дамуы жөніндегі ой-өрістеріңді кеңейтеді.

Оқулықта ұсынылған тарихи оқиғалар, егер естеріңде болса, 1914 жыл оқиғасын баяндаудан, яғни миллиондаған жазықсыз адам өмірін қиған Бірінші дүниежүзілік соғыстан басталып, жаңа дәуірмен – әлемдік саяси картада жаңа, зайырлы, демократиялық мемлекеттің – Астана деп аталатын бас қаласы бар Қазақстан Республикасының орнығуымен аяқталады.

Бүгінде жаңа Елорданың құрылысы игілікті өзгерістің белгісіне айналды. Астанада қысқа мерзім ішінде дамыған инфрақұрылымды заманауи әсем мегаполис бой көтерді.

Мемлекеттік сыртқы саясатта да айтарлықтай табысқа қол жеткізілді. Қазақстан халықаралық қауымдастықтың толық құқықты мүшесі болды. Мемлекеттің алғаш қалыптасу барысында еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қыруар рөл атқарды.

Жаңадан ірге көтерген ел миллиондаған қазақстандықтардың ерен еңбегі мен қайрат-қажыры арқасында табысқа қол жеткізді.

Мемлекетіміздің одан әрі жасампаздықпен дамуы, жас ұрпақ, өздеріңе байланысты.

Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің – Қазақстаным!

Қазақстан Өнұранының осы өлең жолдары қазақстандықтардың тіршілігі мен табысының символына айналды. Қазақстан тарихын оқу арқылы еліміздің бастан кешкен қиын күндерімен таныс болдыңдар, ол күндер артта қалды. Жас достар, бақытты болашақ үшін қолдан келгеннің бәрін жасайтын жаңа дәуір ұрпағысыңдар, достығы мен береке-бірлігі жарасқан елдің азаматы ретінде білім мұхитының айдынында еркін жүзе беріңдер.

Жас мемлекетіміз жаңа биіктерге қадам басу жолында. Қымбатты оқушылар, мектеп пәнін оқуда және мемлекетіміздің тарихы мен мәдениеті туралы білім алуда табысқа жетулеріңе тілектеспіз.

Білім сапарыңдағы қадамдарың құтты болсын!

ҚОСЫМШАЛАР

ҚИЫНДАТЫЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

№1 тапсырма

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ

«Қазақстан Бірінші дүниежүзілік соғыс және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс жылдарында, 1917 жылғы Ақпан мен Қазан революциялары кезінде, жаңа экономикалық саясат пен индустрияландыру жылдарында» тақырыптары бойынша өткен сабақ пен оқулық материалдары негізінде шағын энциклопедиялық сөздік құрастырыңдар. Сөздіктің төмендегі талаптарға сай болғаны жөн:

– Сөздікте барлық басты тарихи оқиғалар, белгілі есімдер мен даталар қамтылуы тиіс.

– Алфавиттің әрбір әрпінен («Й», «Б», «Ъ»-дан басқасынан) басталатын деректердің болуы шарт.

– Жиналған ақпараттар мен құжаттардың әр түрлі болуы (оқулық мәтіндері, мемуарлар, көркем әдебиеттен үзінділер, суреттер).

– Тарихи оқиғалар мен кезеңдерге өзіндік көзқарастың немесе баға берудің болуы.

– Логикалық жүйеліліктің сақталуы.

№2 тапсырма

ПОРТФОЛИО ҚҰРАСТЫРЫҢДАР


Портфолио – портфель сөзінен шыққан. Берілген тақырыпқа арналған материалдарды жұрт назарына көрнекі түрде ұсыну болып табылады. Өдетте жұмыс нәтижелері тақырыпты ашатын неғұрлым маңызды деректерді көрсететін стенд немесе жиналмалы кітапшаларда жинақталады, қалған барлық материалдар папкаларда сақталады да, толықтырулар ретінде ұсынылады.

Портфолио құрастыру үшін шағын топтарға бірігіңдер.

Портфолиоға өздерің жазған шығармаларды, суреттерді, сөзжұмбақтарды, конспектілерді, фотосуреттерді, газет пен журнал мақалаларының көшірме даналарын, баға мен өзіне-өзі баға беру парақтарын, әдебиеттер тізімін т.б. құжаттарды жинақтаңдар.

Портфолионы отбасы мұрағаты, мұражай көрмесі түрінде жасауға болады. Жиналған материалдарды жүйелеуде тарихи кезеңдерге немесе белгілі бір салаларға бөлу қағидаларын ұстанған жөн.

СӨЗЖҰМБАҚ




Көлденеңінен: 1. 1938–1945 жылдардағы Қазақстан басшысы. 2. 1955–1956 жылдардағы Қазақстан Компартиясы ОК-нің бірінші хатшысы. 3. 1921 жылғы қаңтар–шілде айларындағы РК(б)П Киробкомының жауапты хатшысы. 4. 1946–1954 жылдардағы Қазақстан басшысы. 5. Д. А. Қонаевты алмастырған бірінші хатшы. 6. 1945 жылдың мамырынан 1946 жылдың маусымына дейінгі аралықтағы Қазақстан Компартиясы ОК-нің бірінші хатшысы. 7. Бұл басшының орнынан алынуынан соң, Алматыдағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғалары басталды.

8. 1962–1964 жылдардағы Қазақстан басшысы. 9. Республиканың бұл басшысын Левон деп атады.

Тігінен: 1. Қазақстандық бұл басшы кейіннен КОКП ОК-нің Бас хатшысы болды. 2. Республикада ауыл шаруашылығын ұжымдастыруды жүргізуші басшы. 3. 1922–1924 жылдардағы РК(б)П ОК Кирбюросының хатшысы. 4. Голощекинді алмастырған республика басшысы. 5. 1920 жылдың мамыры – қыркүйегіндегі РК(б)П қыроблбюросының төрағасы. 6. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті. 7. Тың эпопеясы басталған кездегі Қазақстан басшысы. 8. 1957–1960 жылдардағы Қазақстан Компартиясы ОК-нің бірінші хатшысы. 9. 1920–1921 жылдардағы Қазақстан басшысы.


АНАГРАММА

Ескерту: егер анаграмма дұрыс шешілсе, ерекше сызылған торкөздерден Қазақстан астанасы болған қаланың атын оқуға болады.



1. Д. А. Қонаевтың орнына қойылған Қазақстан Компартиясы ОК-нің бірінші хатшысы. 2. Қазақстан аумағында болған сталиндік лагерь. 3. Қазақтың атақты балуаны, француз күресінен дүниежүзінің чемпионы, күш атасы. 4. Қазақстан Парламентінің палатасы. 5. «Ленинградтық өрендерім» өлеңінің авторы, атақты ақын Ж... . 6. Қазақстандағы облыс. 7. Әулиеата – Мирзоян – Жамбыл –


ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗЖҰМБАҚ



Тігінен: 1. Ю. А. Гагарин ғарышқа сапар шеккен жыл. 2. Мәскеу қаласында жазғы олимпиадалық ойындар өткен жыл. 3. Ұлы Отан соғысы басталған жыл. 5. КСРО-да Азық-түлік бағдарламасы қабылданған жыл.

Көлденеңінен: 2. Американдықтардың Айға бірінші рет қонған жылы. 4. Әскери-саяси НАТО блогы құрылған жыл. 6. Қазақстанда ұлттық валюта енгізілген жыл. 7. XX ғасырдың бас кезіндегі Ресейдегі революция басталған жыл. 8. КСРО құрылған жыл.

СӨЗЖҰМБАҚ




Көлденеңінен: 3. Мемлекет тарапынан жасалатын жазалау шаралары, қуғындау. 6. Қазақстандағы «Кіші Қазан» идеясының авторы. 7. Қазақтың батырлар жырының бас кейіпкері. 11. Отар иеленуші мемлекет. 14. Қазақтың ұлы ақыны, ойшылы. 16. Монғол шапқыншылығына қарсы ерлікпен күрескен қазақ жеріндегі қала, әл-Фарабидің отаны. 18. «Халық Қаһарманы», КСРО халық артисі, әйгілі қазақ әншісі. 20. Халықтық дауыс берудің бір түрі. 23. Киіз үйге төселетін төсеніш. 24. Дүниежүзілік дін. 27. Өрмектеп тоқылатын төсеніш. 28. Халықаралық келісім (мысалы, «Антикоминтерндік ...»). 30. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың батыры. 33. Мұсылмандардың қасиетті қалаларының бірі. 34. Қазақтың қаһарман қызы, Кеңес Одағының Батыры Ө. Молдағұлова қайтыс болған жер. Ресейдегі облыс. 36. Экономикалық дамудың түрі. 37. Қазақтардың көне музыкалық аспабы.

Тігінен: 1. КСРО-дағы қуғындау саясатына дем берушілердің бірі, И. В. Сталиннің жақын серігі. 2. Қазақстандық ұшқыш, екі дүркін Кеңес

Одағының Батыры. 4. Алғашқы қазақ журналы. 5. Монархиялық мемлекеттің басшысы. 6. Атырау қаласының бұрынғы аты. 8. Қазақстанмен шектесетін мемлекет. 9. Қазақстанның шығысындағы ең ірі өзен. 10. Жеті атаның соңғы буыны. 12. Қағаз ақшаның құнсыздануы. 13. Алматы қаласының гербінде бейнеленген аң, қазақша жыл атауы. 15. Саяси ұйым. 17. Қазақ ертегісіндегі тау көтеретін алып бала. 19. Қазақстандағы теңіз. 21. Жоңғарларды талқандауға үлкен үлес қосқан қазақ ханы. 22. Айналысқа құнды қағаздар мен ақшаны шығару. 25. Қазақстанның 1929–1998 жылдардағы астанасы. 26. Целиноград – Ақмола – 29. Кеңестер Одағының Телеграф Агенттігі (қысқарған түрі). 31. Қоғамдық тәртіпті сақтаумен айналысатын мемлекеттік мекеме. 32. Қазақстан аумағынан сүйектері көп табылған, құрып біткен өте ежелгі замандағы жануар. 35. ... – НКВД–КГБ (КСРО-дағы мемлекеттік қауіпсіздік органы).

ЧАЙНВОРД- СӨЗЖҰМБАҚ



Чайнворд:

1. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы әскери-саяси одақ.
 2. Өкімет билігін жоққа шығаратын саяси ағым.
 3. Мемлекет басқару формасы.
 4. Егемендіктің бұзылуы.
 5. 1956 жылдың наурызынан 1957 жылдың желтоқсанына дейінгі Қазақстан Компартиясы ОК-нің бірінші хатшысы.
 6. Басқалардың пікірімен санаспай шешім қабылдау.
 7. КСРО-ның астанасы.
 8. Өзін-өзі басқару.
 9. Түркістандағы Қожа Ахмет ... кесенесі.
 10. Сайланып қойылатын қызмет адамының міндетін орындауға кірісу рәсімі.
 11. Дүниежүзілік дін.
 12. Қазақ қызы, Кеңес Одағының Батыры.
 13. «Алаш ...»

Сөзжұмбақ

Көлденеңінен: Б. Кебеже. Г. Ауыл. Д. Ұлы ақын.

Тігінен: А. Қазақстандағы көл. В. Целиноград...–Астана. Г. Қазақстандағы жабылған сынақ полигоны.

№4 тапсырма

ТАҚЫРЫПТЫ ТАҢДАП АЛЫП, ШЫҒАРМА ЖАЗЫНДАР

1. Менің Отаным – Қазақстан.
2. Менің арманымдағы Қазақстан.

№5 тапсырма

**ҰСЫНЫЛҒАН ТАҚЫРЫПТАРДЫҢ БІРЕУІНЕ
ӨНГІМЕ ҚҰРАСТЫРЫҢДАР**

1. Астана қаласы – Қазақстан Республикасының астанасы.
2. Ұлы даланың перзенттері.
3. Ұлы елдің ұлы тұлғалары.
4. Қазақстан – бейбітшілік пен келісімнің, сүйіспеншілік пен мейірімділіктің отаны.
5. Мен және қазіргі заманғы Қазақстан.
6. Қазақстан Республикасы: тарихы және қазіргі заман.
7. Алматы қаласы – Қазақстанның мәдени орталығы.
8. Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары.
9. Өйгілі апорт.
10. Қазақстан мұражайлары.
11. Йасауи мұражайы – Қазақстандағы зиярат орталығы.
12. Наурыз – бейбітшілік пен ізгілік мейрамы.

№6 тапсырма

МОЗАИКА ҚҰРАСТЫРЫҢДАР

Мозаикада тарихи оқиғаларға қатысты даталар, терминдер, кілттік сөздер көрсетілген. Сендердің міндеттерің мозаикада жасырылған тарихи оқиғаларды анықтап, оларды хронологиялық тарихи ретіне қарай орналас-тыру. Сонымен бірге әрбір тарихи оқиғаға сәйкес датасы қойылуы керек.

Жариялылық	ЖЭС	Гагарин	1941–1945 жылдар
Торғай орталығы	Ядролық қаруды сынауға мораторий	«Аз и Я»	Тың
Бірінші дүние-жүзілік соғыс	Ұжымдастыру	«Әскери коммунизм»	Тәуелсіздіктің жариялануы
Карточкалық жүйені жою	«Стратегия–2050»	ТМД	Желтоқсан оқиғасы
1953	«Жылымық...»	Индустрияландыру	Ұлттық валюта

№7 тапсырма

ТРИАДА

Триаданы тарихи үдерістің себеп-салдарлық принципі бойынша құрастырыңдар.

А	?	?	?
Ә	1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс	Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру	Өнеркәсіпті индустрияландыру
Б	?	?	?

«А» жолағы – тарихи оқиғалардың себептері.

«Ә» жолағы – тарихи оқиғалар.

«Б» жолағы – көрсетілген тарихи оқиғалардың салдарлары.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ БІРІНШІ ХАТШЫЛАРЫ

Пестковский Станислав Станиславович (1882–1943) – 1920 жылдың мамыры мен қыркүйегі аралығында РК(б)П Қырғыз (қазақ) облыстық бюросының жауапты хатшысы (төрағасы).

Акулов Иван Алексеевич (1888–1938) – 1920 жылдың қыркүйегінен 1921 жылдың қаңтары аралығында РК(б)П Қырғыз (қазақ) облыстық бюросының жауапты хатшысы (саяси хатшы).

Мырзағалиев Мұхамед Кафи (1887–1938) – 1921 жылдың қаңтары мен шілдесі аралығында РК(б)П Қырғыз (қазақ) облыстық бюросы мен облыстық комитетінің (бірінші) жауапты хатшысы.

Костеловская Мария Михайловна (1878–1964) – 1921 жылдың шілдесі мен тамызы аралығында РК(б)П Қырғыз (қазақ) облыстық комитетінің жауапты хатшысы.

Коростелёв Георгий Алексеевич (1885–1932) – 1921 жылдың қыркүйегінен 1924 жылдың қазаны аралығында РК(б)П Қырғыз (қазақ) облыстық комитетінің жауапты хатшысы. 1922 жылдың тамызынан 1924 жылдың қазаны аралығында РК(б)П Қырғыз (қазақ) облыстық бюросы Орталық Комитетінің хатшысы.

Нанейшвили Виктор Иванович (1878–1940) – 1924 жылдың қыркүйегінен 1925 жылдың маусымы аралығында РК(б)П Қырғыз (қазақ) облыстық комитетінің – Қазақ өлкелік комитетінің жауапты хатшысы.

Голощекин Филип Исаевич (1876–1941) – 1925 жылдың шілдесінен 1933 жылғы қаңтар аралығында РК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің 1-хатшысы.

Мирзоян Левон Исаевич (1897–1939) – 1933 жылдың қаңтарынан 1937 жылдың соңына дейін Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы.

Скворцов Николай Александрович (1899–1974) – 1938–1945 жылдары Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы.

Борков Геннадий Андреевич (1905 жылы туған) – 1945 жылдың мамырынан 1946 жылдың маусымы аралығында Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы.

Шаяхметов Жұмабай (1902–1966) – 1946–1954 жылдары Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы.

Пономаренко Пантелеймон Кондратьевич (1902–1984) – 1954–1955 жылдары Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы.

Брежнев Леонид Ильич (1906–1982) – 1955 жылдың тамызынан 1956 жылдың наурызы аралығында Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы.

Яковлев Иван Дмитриевич (1910 жылы туған) – 1956 жылдың наурызынан 1957 жылғы желтоқсан аралығында Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы.

Беляев Николай Ильич (1903–1966) – 1957 жылдың желтоқсанынан 1960 жылғы қаңтар аралығында Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы.

Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы (1912–1993) – 1960–1962 жылдары және 1964–1986 жылдары Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы.

Юсупов Ысмайыл (1914 жылы туған) – 1962 жылдың желтоқсанынан 1964 жылғы желтоқсан аралығында Қазақстан Компартиясы ОК 1-хатшысы.

Колбин Геннадий Васильевич (1927–1997) – 1986 жылдың желтоқсанынан 1989 жылғы маусым аралығында Қазақстан Компартиясы ОК 1-хатшысы.

Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы (1940 жылы туған) – 1989 жылдан Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы. 1990 жылғы 24 сәуірде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Н. Ә. Назарбаевты Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының президенттігіне сайлады. Қазір – Қазақстан Республикасының Президенті.

ТАРИХИ АНЫҚТАМА

- 1911–1915 ж. – Аграрлық-демократиялық бағыттағы «Айқап» журналы (бас редакторы М. Сералин) шықты.
- 1913–1918 ж. – Либералдық-демократиялық бағыттағы «Қазақ» газеті шықты.
- 1914 ж. 1 тамыз – Бірінші дүниежүзілік соғыс.
- 1918 ж. 11 қараша
- 1916 ж. 25 маусым – Патшаның Орта Азия мен Қазақстан бұратаналарын майдан шебіндегі қорғаныс құрылыстарын салу жұмыстарына шақыру туралы жарлығы. Жарлық – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің басталуына себеп болды.
- 1916 ж. шілде– тамыз – Қазақ демократияшыл зиялыларының халыққа үндеуі.
- 1916 ж. 23 тамыз – Генерал-губернатор Куропаткиннің құпия бұйрығы бойынша әскерге алудан босатқандар: қызметтегілер, мұсылман дін басшылары, бұратаналардан шыққан полиция қызметкерлері, есепшілер мен бухгалтерлер.
- 1916–1917 ж. – Қазақстан мен Орта Азиядағы ұлт-азаттық көтеріліс.
- 1917 ж. 27 ақпан – Ресейдегі Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы.
- 1917 ж. – Уақытша үкіметтің, еңбекшілер Кеңестері мен қазақ комитеттерінің құрылуы.
- 1917 ж. – Бүкілресейлік мұсылман съезі.
- 1917 ж. – Майданға алынғандарды қайтару.
- 1917 ж. – Орынбордағы I жалпықазақ съезі.
- 1917 ж. – «Шура-ислами» партиясының құрылуы.
- 1917 ж. шілде – «Алаш» партиясының құрылуы.
- 1917 ж. тамыз– қараша – Ө. Жангелдиннің интернационалдық отрядының экспедициясы.
- 1917 ж. 25 қазан – Ресейдегі Қазан революциясы.
- 1917 ж. – «Үш жүз» партиясының құрылуы.
- 1917 ж. – Меркеде «Қазақ жастарының революциялық одағы» (Т. Рысқұлов) құрылды.
- 1917 ж. – С. Сейфуллин Ақмола қаласында «Жас қазақ» ұйымын құрды.
- 1917 ж. қазан – Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы.
- 1918 ж. наурыз
- 1917 ж. қараша – «Қоқан автономиясы» (М. Тынышбаев, М. Шоқай).
- 1918 ж. ақпан
- 1917 ж. желтоқсан – Орынбордағы II жалпықазақ съезі. «Алашорда» үкіметі құрылды (Басшысы – Ө. Бөкейханов). Астанасы – Семей қаласы.
- 1918 ж. наурыз – Верныйда (Алматы) Кеңес өкіметінің орнауы.
- 1918 ж. мамыр – Өскери міндеткерліктің енгізілуі.
- 1918 ж. көктем – В. И. Лениннің ірі өндіріс орындарын национализациялау туралы Декреті шықты.
- 1918 ж. мамыр – Чехословак корпусының бүлігі.

- 1918 ж. мамыр – – Қазақстандағы шетел интервенциясы мен Азамат
1920 маусым соғысы.
- 1918 ж. тамыз – – Солтүстік Жетісудағы Черкасск қорғанысы.
- 1919 ж. шілде
- 1919 ж. қаңтар – Азық-түлік салғырты.
- 1919 ж. – Орынбордың Қазақстанға қосылуы туралы шешім
19 қыркүйек қабылданды.
- 1920 ж. маусым – Верныйдағы антикеңестік бүлік.
- 1920 ж. 26 тамыз – Қырғыз (қазақ) АКСР-інің құрылуы.
- 1920 ж. – ҚАКСР еңбекшілерінің құқығы Декларациясы.
- 1920–1924 ж. – Автономиялы Қырғыз (Қазақ) Кеңестік Социалистік
Республикасының бірінші астанасы – Орынбор қаласы.
- 1921 ж. қаңтар – ҚазАКСР ХКК-нің «Қырғыз (қазақ) және орыс тілде-
рін пайдалану тәртібі туралы» Декреті қабылданды.
- 1921 ж. наурыз – Жаңа экономикалық саясатқа көшу (X партия съезінің
азық-түлік салғыртын азық-түлік салығымен алмас-
тыруы).
- 1921 ж. 14 наурыз – Түркістан Республикасы ОАК-нің Верный қаласы атын
Алматы деп өзгерту туралы Декреті.
- 1921 ж. – «Қосшы» одағы құрылды.
- 1921 ж. жаз – Құрғақшылық, аштық.
- 1921–1922 ж. – Жер-су реформасы (ЖЭС-тің құрамдас бөлігі), қазақ-
тарға патша тартып алған жерлер қайтарылды.
- 1922 ж. – КСРО-ның құрылуы.
- 1922 ж. көктем – Қазақ даласына «Қызыл керуен» кешенді экспедициясы
жіберілді, оны Ө. Жангелдин басқарды, экспедиция
Орынбордан Семейге дейін жол жүріп өтті, мақса-
ты – Кеңес өкіметінің декреттерін насихаттау мен
ұлттық саясатты түсіндіру.
- 1923 ж. қараша – Қазақстан ОАК «Іс қағаздарын Қырғыз (қазақ) тілінде
жүргізу туралы» Декрет қабылдады.
- 1924 ж. – Орта Азия республикаларының ұлттық-мемлекеттік
шекарасын белгілеу. Қазақ жерлерінің тұтастай
ҚАКСР құрамына өтуі.
- 1924 ж. – «Сауатсыздықты жою» қоғамы құрылды.
- 1924 ж. 27 қазан – КСРО ОАК қаулысымен Қазақ АКСР құрамына Түр-
кістанның қырғыз (қазақ) бөлігі қосылды.
- 1925 ж. – Қазақ халқының тарихи дұрыс атауын қалпына кел-
тіру және Қырғыз АКСР-ін Қазақ АКСР-і деп қайта
атау.
- 1925 ж. – Қазақ АКСР-і астанасын Орынбордан Қызылордаға
көшіру.
- 1925–1933 ж. – РК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшы-
сы – Ф.И. Голощекин. Қазақ ауылдарының «Кіші
Қазан» бағыты.
- 1926 ж. 13 қаңтар – Қазақ мемлекеттік драма театрының ашылуы.
- 1926–1941 ж. – Өндірісті индустрияландыруды өткізу.
- 1927–1931 ж. – Түркістан–Сібір темір жолы (Түрксіб) құрылысы.

- 1928–1933 ж. – Ұжымдастыру. Тұрғындар 2 млн адамға (қазақтар) кеміді немесе бастапқы санынан 49% -ға азайды.
- 1928 ж. – Алғашқы жоғары оқу орнының – Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының ашылуы.
- 1928–1932 ж. – Бірінші бесжылдық жылдары.
- 1928 ж. 27 тамыз – Қазақстан ОАК пен ХКК «Аса ірі және жартылай феодал байларды тәркілеу және жер аудару туралы» Декретке қол қойды.
- 1928 ж. – «Қызыл астана құрылысының арандатушылығы ашылды, яғни талантты сәулетшілер мен инженерлер тобы (П. Буддаси, С. Голдгор, М. Тынышбаев т.б.) құрындалды.
- 1928 ж. тамыз – Ірі байлардың шаруашылықтарын тәркілеу. 145 мың-
1933 ж. 1-жартысы ірі қара мал тартып алынды.
- 1929 ж. – Мал дәрігерлік институты ашылды.
- 1929 ж. – Қазақ жазуы араб әрпінен латын әрпіне көшірілді.
- 1929 ж. – Қазақ АКСР-і астанасын Қызылордадан Алматы қаласына көшіру.
- 1929–1933 ж. – Күштеп ұжымдастыру. Тұрғындардың аштықтан жаппай қырылуы мен республикадан тыс жерлерге көшуі.
- 1929–1931 ж. – Шаруалардың күштеп ұжымдастыруға қарсы шығуы. Шамамен 80 мың адам қатысқан 372 көтеріліс.
- 1930 ж. – ОАК пен ХКК-нің «Жалпыға бірдей міндетті білім туралы» қаулысы. Міндетті бастауыш білім берудің енгізілуі.
- 1930 ж. – Жаппай саяси құғын-сүргін. 27 мыңнан аса адам атылды, ГУЛАГ-та 101 мың қазақстандық отырып шықты.
- 1930 ж. 4 сәуір – Ж. Аймауытов ату жазасына кесілді.
- 1930–1932 ж. – Қазақстандағы ашаршылық.
- 1931 ж. – Медицина институты ашылды.
- 1931 ж. желтоқсан – Сауатсыз тұрғындарды жаппай міндетті оқыту енгізілді.
- 1931–1932 ж. – Қазақстаннан 1 млн 700 мың адам шетелге кетті.
- 1931–1933 ж. – 6,2 млн республика тұрғынының 2,1 млн-ы аштан қырылды; 40,5 млн малдан 01.01.33 жылы 4,5 млн бас қалды.
- 1932 ж. – Сталинге аштыққа байланысты апаттың көлемі туралы республика қайраткерлері хат жазды. Ф. Мүсірепов, М. Ғатаулин, М. Дәулетқалиев, Е. Алтынбеков, Қ. Қуанышев («Бесеудің хаты»).
- 1933 ж. – Аштықпен байланысты апат көлемі туралы Т. Рысқұлов Сталинге хат жазды.
- 1934 ж. – ҚазМУ-дің ашылуы.
- 1936 ж. 9 ақпан – ҚАКСР ОАК қаулысы – «қазақтар», «Қазақстан» деп жазуға шешім қабылданды.
- 1936 ж. – Қазақ АКСР-ін одақтық республика етіп қайта құру (ҚазКСР).
- 1937 ж. наурыз – Қазақ КСР-і Конституциясы қабылданды.

- 1937–1951 ж. – Халықтарды Қазақстанға күштеп көшіру.
- 1939 ж. – Қазақстан тұрғындарының сауаттылығы 65% -ға, ал қазақтар арасында 40% -ға жетті.
- 1939 ж. 1 қыркүйек – Екінші дүниежүзілік – Ұлы Отан соғысының басталуы.
- 1941 ж. 22 маусым
- 1941 ж. 16 қараша – Мәскеу түбіндегі Дубосеково разъезінде 28 панфиловшы-батырлар ерлік көрсетті.
- 1945 ж. 9 мамыр – Фашистік Германияны талқандаған Жеңіс күні.
- 1945 ж. 2 қыркүйек – Екінші дүниежүзілік және Ұлы Отан соғысы аяқталды.
- 1946 ж. наурыз – 1946–1950 жылдарға арналған КСРО-ның соғыстан кейінгі қалпына келтіру мен халық шаруашылығын дамытудың бесжылдық жоспары туралы Заң қабылданды.
- 1946 ж. – Қазақ КСР Ғылым академиясы құрылды (бірінші президенті – Қ. И. Сәтбаев).
- 1947 ж. – Ақша реформасы.
- 1947 ж. желтоқсан – Азық-түлік және өндірістік тауарлардың карточкалық жүйесі жойылды.
- 1947 ж. – Е. Бекмахановтың «XIX ғасырдың 20–40-жылдарындағы Қазақстан» атты монографиясы жарық көрді, осы кітабы үшін ол буржуазияшыл ұлтшыл деп жарияланды.
- 1949 ж. – Семей ядролық полигонындағы алғашқы жер үсті жарылысы.
- 1952 ж. – Е. Бекмахановты сот алқасы 25 жылға соттады.
- 1953 ж. 5 наурыз – И. В. Сталин қайтыс болды.
- 1954 ж. – Е. Бекмаханов Қазақстанға оралды.
- 1954 ж. – Тың және тыңайған жерлерді игерудің басталуы.
- 1954–1959 ж. – Қазақстан тыңын игеруге 20 млрд сом жұмсалды.
- 1954–1962 ж. – Тың игеруге КСРО-ның еуропалық бөлігінен 2 млн адам келді.
- 1954–1965 ж. – Қазақстанға өндіріс пен транспортта жұмыс істеуге 0,5 млн адам келді.
- 1955 ж. – Байқоңыр ғарыш кешенін іске қосу.
- 1956 ж. – Жалпыға бірдей міндетті жетіжылдық білім беруді енгізу.
- 1956 ж. – КОКП XX съезі Сталиннің жеке басына табынуды айыптады.
- 1957 ж. – Экономикалық аумақтық ұстаным бойынша басқаруды қайта құру.
- 1959 ж. – Металлургия комбинатындағы құрылысшылардың ауыр жағдайына байланысты Теміртау қаласындағы толқулар.
- 1959 ж. – Жаппай міндетті сегізжылдық білім берудің енгізілуі.
- 1959 ж. – Халық санағын жүргізу.

- 1960 – 1962 ж. – Д. А. Қонаев Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы болып қызмет етті.
- 1961 ж. – Ақмола қаласы атын Целиноградқа ауыстыру.
- 1961 ж. 12 сәуір – Ю. А. Гагариннің адамзат тарихында алғаш рет ғарышқа ұшуы.
- 1963 ж. – Ядролық қаруды ауада, ғарыш кеңістігінде және су астында жаруға тыйым салу туралы шарт.
- 1965 ж. – Шаруашылық реформасы: өнеркәсіп салалары бойынша одақтық-республикалық министрліктердің құрылуы (Совнархоздар таратылды).
- 1969 ж. – Даман аралында, Жалаңашкөлде Қытаймен қарулы қақтығыс.
- XX ғ. 60–70-ж. – Сауатсыздықты біржолата жою.
- XX ғ. 70-ж. – И. Н. Худенконың ауыл шаруашылығын басқарудың экономикалық әдістерін пайдалану жөніндегі бастамасы.
- XX ғ. 70-ж. – Жалшыға бірдей міндетті орта білім беруді енгізу.
- 1970 ж. – Қазақстан мәдениет саласында халықаралық байланыстарды ұлғайтты.
- 1974–1977 ж. – Екпінді құрылыстарға комсомолдық жолдамамен 25 мыңнан аса жігіттер мен қыздар жіберілді.
- 1977 ж. – КСРО Конституциясын қабылдау.
- 1978 ж. – Қазақ КСР Конституциясын қабылдау.
- 1979 ж. – Қазақстанда неміс автономиясын құруға қарсы Целиноградтағы (Ақмола) шеру.
- 1979 ж. желтоқсан –
– 1989 ж. Ауған соғысы.
- 1980 жж. – Экономикадағы, саясаттағы дағдарыс. Өндіріс саласындағы тоқырау.
- 1982 ж. – Азық-түлік бағдарламасының қабылдануы.
- 1985 ж. наурыз – М. С. Горбачев КОКП ОК Бас хатшысы болып сайланды.
- 1985 ж. сәуір – КОКП ОК сәуір Пленумы «Қайта құруға» бағыт ұстады.
- 1954–1986 ж. – Республикада қазақ тілінде оқытатын 600-ден аса мектеп жабылды.
- 1964–1986 ж. – Республиканы Д. А. Қонаев екінші рет басқарды.
- XX ғ. 80-ж. – Экономикадағы дағдарысты жағдай.
- 2-жартысы – Қазақстан Компартиясы ОК V Пленумы Д. А. Қонаевты орнынан алып, республиканың бірінші басшысы қызметіне Г. В. Қолбинді сайлады.
- 1986 ж. 17–
18 желтоқсан – Алматыдағы жаппай толқулар.
- 1987 ж. – Республиканың халық шаруашылығы құлдырай бастады.
- 1988 ж. – Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Дулатовтар ақталды.

- 1989 ж. – Қарағанды шахтерлерінің ереуілі.
- 1989 ж. – О. Сүлейменов бастаған «Невада–Семей» экологиялық қозғалысы құрылды.
- 1989 ж. – «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы құрылды.
- 1989 ж. 15 ақпан – Кеңес әскерлерін Ауғанстаннан шығару.
- 1989 ж. – Н. Ә. Назарбаевты Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшылығына сайлау.
- 1989 ж. маусым – Жаңаөзен оқиғасы.
- 1989 ж. – «Тілдер туралы Қазақ КСР заңы» қабылданды, қазақ тілі мемлекеттік тіл болып жарияланды.
- 22 қыркүйек – Халық санағын жүргізу.
- 1989 ж. – «Азат» азаматтық қозғалысы құрылды (1991 ж. күзден – саяси партия).
- 1990 ж. – «Алаш», «Бірлік», «Желтоқсан» қозғалыстары пайда болды.
- 1990 ж. – Қазақстанның социал-демократиялық партиясы құрылды.
- 1990 ж. сәуір – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Н. Ә. Назарбаевты Қазақ КСР-інің Президенті етіп сайлады.
- 1990 ж. – Президент «30–40-жылдар мен 50-жылдардағы заңсыз қуғын-сүргіннен жапа шеккен, ақталған азаматтарға көмек көрсету жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды.
- 1990 ж. – Сауд Арабиясы қатысуымен – шетелмен бірлескен тұңғыш банк – «әл-Барақа-Банк Қазақстан» құрылды.
- 1990 ж. 25 қазан – Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды.
- 1990 ж. – Ақшаның құнсыздануы, инфляция, бағаның өсуі, халық тұтынатын тауарлардың жетіспеуі.
- 1991 ж. – Қазақстан Компартиясының кезектен тыс және төтенше съезі Коммунистік партияны таратуға шешім шығарды; жаңадан құрылған партия Социалистік деп аталды.
- 1991 ж. – Қазақстан комсомолы Қазақстан Жастары Одағы болып өзгертілді.
- 1991 ж. – Қазақстанда 48 кәсіби театр, 19 ұлттық-мәдени орталық жұмыс істеді.
- 1991 ж. қазан – Тұңғыш қазақ ғарышкері Т. Әубәкіров ғарышқа ұшты.
- 1991 ж. желтоқсан – Н. Ә. Назарбаев бүкілхалықтық сайлауда Қазақстан Президенті болып сайланды.
- 1991 ж. тамыз – Мәскеудегі мемлекеттік төңкеріс жасауға әрекет.
- 1991 ж. – Қазақ КСР Қауіпсіздік Кеңесінің құрылуы.
- 1991 ж. – Одақтық бағыныстағы мемлекеттік кәсіпорындардың Қазақ КСР үкіметі қарамағына өтуі.
- 1991 ж. – Қазақ КСР-інің алтын қоры мен алмаз қорын құру.
- 1991 ж. – Семей ядролық полигонының жабылуы.
- 1991 ж. – «Қазақстан халық конгресі» партиясының құрылуы.

- 1991 ж. – Қазақ КСР атауын Қазақстан Республикасына ауыстыру.
- 1991 ж. – Қазақстан Президентінің «Қазақстандағы 1986 жылғы 17–18 желтоқсандағы оқиғаларға қатысқаны үшін жауапқа тартылғандарды ақтау туралы» Жарлығы.
- 1991 ж.
8 желтоқсан – Минскідегі РҚФСР, Белоруссия және Украина басшыларының басқосуы: Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын (ТМД) құру.
- 1991 ж.
10 желтоқсан – Алматыда Президент инаугурациясы өтті.
- 1991 ж. – Қазақстан Республикасының «Мемлекет тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы қабылданды.
- 16 желтоқсан – 11 бұрынғы одақтық республика Алматыда ТМД құрылғаны туралы хаттамаға қол қойды, баспасөз конференциясын Н. Ө. Назарбаев ашты.
- 1991 ж. – Инфляцияның күшеюі, тұрғындардың басым бөлігі тұрмыс деңгейінің төмендеуі.
- 1991 ж. – Нарықтық экономиканы дамыту бағдары.
- 1992 – 1991 ж. – КСРО өмір сүрген кезең.
- 1992 ж. қаңтар – Қазақстанның алғашқы алтыны.
- 1992 ж. – Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру.
- 1992 ж. – Бағаны босату.
- 1992 ж. – Қазақстан Республикасының БҰҰ-ға толыққанды мүше болып қабылдануы.
- 1992 ж. қаңтар – Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде әлемнің 30-дан аса мемлекеті таныды.
- 1992 ж. – Қазақстанның ЕҚЫҰ мүшелігіне қабылдануы.
- 1992 ж.
29 қыркүйек – Қазақтардың дүниежүзілік алғашқы құрылтайы өтті.
- 1992 ж. қазан – Қазақстанның халықаралық Экономикалық Үлгі-мақтастық Ұйымына мүшелікке қабылдануы.
- 1992 ж. – Мемлекеттік рәміздер бекітілді: Ту, Елтаңба және Әнұран.
- 1992 ж. желтоқсан – Қазақстан халықтары форумы өтті.
- 1993 ж. 28 қаңтар – Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясы қабылданды.
- 1993 ж. 15 қараша – Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңге енгізілді.
- 1993 ж. – Н. Ө. Назарбаев Лиссабон хаттамасына қол қойды, онда Қазақстан ядролық қарусыз аймақ деп жарияланды.
- 1994 ж. наурыз – Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі сайлауы.
- 1994 ж. сәуір – Министрлер Кабинетінің энергиямен қамтамасыз ету бағасын босату туралы қаулысы.

- 1994 ж. – Қазақстан мен Ресей Федерациясы арасындағы Байқоңыр ғарыш айлағын мерзімін ұзарту құқығымен Ресейге 20 жыл мерзімге жалға беру туралы келісім.
- 1994 ж. – Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан арасында біртұтас экономикалық кеңістік – Орталық Азия одағын құру туралы шартқа қол қойылды.
- 1995 ж. 28 қаңтар – Екі палаталы кәсіби Парламент сайлауы өтті.
- 1995 ж. 30 тамыз – Бүкілхалықтық референдумда Қазақстан Республикасының екінші Конституциясын қабылдау (Конституция күні).
- 1995 ж. – Қазақстанның «Ислам конференциясы» ұйымына қабылдануы.
- 1996 ж. наурыз – Ресей, Қазақстан, Белоруссия мен Қырғызстан арасындағы экономикалық және гуманитарлық саладағы интеграцияны тереңдету туралы Шартқа қол қойылды (оған 1998 жылы сәуірде Тәжікстан Республикасы қосылды).
- 1997 ж. – Қазақстан Республикасының экономикасына шетел капиталын барынша тартуға бағдар.
- 1997 ж. – Ел астанасын Ақмола (Астана) қаласына көшіру.
- 1997 ж. – Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы – «Қазақстан – 2030-дың» жариялануы.
- 1997 ж. – «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы заңның» қабылдануы (Қазақстандағы тілдердің қолданылуының құқықтық негіздері белгіленді).
- 1997 ж. – Жалпыұлттық татулық және қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы.
- 1998 ж. – Халықтар бірлігі мен ұлттық тарих жылы.
- 1999 ж. – Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы.
- 1999 ж. сәуір – Қ. Сәтбаевтың 100 жылдық мерейтойы.
- 2000 ж. – Мәдениет жылы.
- 2001 ж. – ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығы.
- 2002 ж. – Денсаулық жылы.
- 2003 ж. – Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының I съезі болып өтті.
- 2003–2005 ж. – Ауылды дамыту жылдары.
- 2006 ж. – Қазақстан Республикасы Өнүранының жаңа мәтіні бекітілді.
- 2008 ж. 6 шілде – Астана қаласының 10 жылдық мерейтойы атап өтілді.
- 2009 ж. – Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты халыққа Жолдауы.
- 2010 ж. – Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төрағалық етті.
- 2011 ж. – Қазақстан Республикасының ИЫҰ-ға төрағалық етуі.
- 2011 ж. – Кедендік Одақ қызметінің басталуы.
- 2012 ж. – Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан–2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауы.

ОҚУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

(оқулық, оқу-әдістемелік, анықтамалық)

- Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1995.
- Асфандияров С. Қазақстан тарихының очерктері. – Алматы, 1994.
- Әсіпов С. Қазақ қасіреті. – Алматы, 1994.
- Бекмаханов Е. ХІХ ғасырдың 20–40-жылдарындағы Қазақстан. Алматы, 1992.
- Бекмаханов Е., Бекмаханова Н. История Казахской ССР. Учебное пособие для 8–9 классов. – Алма-Ата, 1989.
- Иллюстрированная история Казахстана. В 4-х томах. Под редакцией Б. Аяғана. – Алматы, 2004–2005.
- История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). Под ред. Козыбаева М. К. и др. – В 5-ти томах. – Т. 1–2. – Алматы, 1996–1997.
- История Казахстана. Хрестоматия / Сост. Козыбаев И. М., Козыбаев М. К. – Алматы, 1994.
- Кадырбаев А. Ш., Шаймерденова М. Д. Страна изучаемого языка: Республика Казахстан: История, география и культура Казахстана. М., 2012.
- Касымбаев Ж. К., Шаймерденова М. Д. История Казахстана. Учебно-методический комплекс. – Алматы, 1997, 1998, 1999, 2000.
- Кузембайұлы А., Абил Е. История Республики Казахстан. Учебное издание. – Алматы, 1998.
- Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 1–10 томдар. – Алматы, 2009.
- Қазақстан тарихы. Очерктер. – Алматы, 1993.
- Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-3 томдар. – Алматы, 1996–2000.
- Қазақстан тарихы. Хрестоматия. Құрастырғандар М. Қ. Қозыбаев, І.М. Қозыбаев. – Алматы, 1994.
- Қазақстан тарихы. Тест жинағы. Оқу-әдістемелік құрал. Астана, 2005.
- Қозыбаев М. Қ. Ақтаңдақтар ақиқаты. Оқу құралы. – Алматы, 1992.
- Қозыбаев М. Қ. Тарих зердесі. 1–2-кітап. – Алматы, 1998.
- Қозыбаев М. Қ., Қозыбаев І. М. Қазақстан тарихы. 10-сынып оқушыларына арналған оқулық. – Алматы, 1997.
- Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Көмекші оқу құралы. – Алматы, 1995.
- Құл-Мұхаммед М. «Алаш» бағдарламасы: қиянат пен ақиқат. – Алматы, 2000.
- Қаһарлы 1916 жыл. Құжаттар жинағы. 1–2 том. – Алматы, 1997, 1998.
- «Қазақ» газеті. – Алматы, 1994.
- Қызыл қырғын. 37-де опат болғандар. Құрастырғандар Қ. Қасенов, Ө. Төреханов. – Алматы, 1994.
- Мұқтарұлы С. Көмпеске. Тарихи анықтамалық басылым. – Алматы, 1994.
